



# Ембі ТЫНЫСЫ

ҚАЗАҚСТАН МҰНАЙЫНА  
**125**  
1899 - 2024  
ЖЫЛ

№8 (125)  
ТАМЫЗ  
2024 ЖЫЛ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

## БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз

## Құрметті ембілік ардагерлер, мұнайшылар!

Сіздерді қазақ мұнайының 125 жылдық мерейтойымен және Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің күнімен құттықтаймыз!

Мұнай-газ өнеркәсібі – әрқашан экономикамыздың қозғаушы күші және әлеуетті зор сала.

Тәуелсіз Қазақстанның дамуында қазақ мұнайының рөлі мен оны игеруші құрыш білекті ембілік мұнайшылардың еңбегі зор. Ғасырдан астам тарихы бар отандық «қара алтынды» игеруде мұнайшылар үлкен жұмысты атқарып келеді.

1899 жылы Жылыой ауданындағы Қарашүңгіл құрылымының ұңғымасынан алғаш мұнай көзі табылды. Атыраудың «қара алтыны» бүгінде тәуелсіз Қазақ елінің брендіне айналды.

Елімізде мұнай өндірісінің қалыптасуымен қатар, ұлттық мамандардың өндіріс саласын меңгеруі дәл осы мекемеден бастау алғаны белгілі.

Ембілік геологтар еліміздің Батыс аймағындағы ірі мұнай кеніштерін ашуда зор еңбек сіңірді. Соның арқасында мұнай-газ саласы ел экономикасы дамуының локомотивіне айналды.

«Ембімұнайгаз» – қазақ мұнайының қарашанырағы. Бір ғасырлық тарихы бар көне кәсіпорын қаншама даңқты мұнайшы әулетін тәрбиелеп, мыңдаған ұлттық кадр дайындап шығарды.

Жер қойнауындағы қазба байлықты іздеуден бастап, оны игеру мен дамыту мол қажыр-қайратты, терең білім мен табандылықты талап етеді. Осындай қиыншылықтарға төтеп беріп, мұнай өндіріп, ел игілігіне үлес қосқан мұнайшылар еңбегі ешқашан ұмытылмайды.

Қадірлі мұнайшылар!

Еліміз үшін зор еңбектеріңізге табыс, мықты денсаулық, отбасыларыңызға береке-бірлік, амандық тілейміз!



Құрметпен, «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы

### ҚОР БАСШЫСЫ ЕМБІДЕ БОЛДЫ



→ 2

### «МЕРЕЙЛІ МҰНАЙШЫ»: ҮЗДІК ЖҰМЫСТАР АНЫҚТАЛДЫ



→ 4-5

### ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ – КӘСІБИ ҚАЗЕТТІЛІК



→ 6





## ҚОР БАСШЫСЫ ЕМБІДЕ БОЛДЫ

**«Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы Нұрлан Жақыпов «Ембімұнайгаз» АҚ-да жұмыс сапарымен болды.**

Қор басшысы, алдымен, Компанияның интерактивті мұражайымен танысып, кейін ағымдағы жобалардың барысы талқыланған жиын өткізді. Кездесу барысында «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы Н.Жақыпов ембілік

мұнайшыларды қазақ мұнайының 125 жылдық мерейтойымен құттықтап, Қордың алға қойған мақсаттарын жеткізді. «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Ринат Измұханбет компанияда қолға алынған бастамалар туралы қысқаша баяндады.



### АСЫЛ ҚАЗЫНА

## МҰНАЙШЫ АРДАГЕРГЕ ҚҰРМЕТ



**«Ембімұнайгаз» АҚ (ЕМГ) Директорлар кеңесінің кезекті жиыны салтанатты шарамен басталды.**

Ембі өндірісінің дамуына зор үлес қосқан майталман мұнайшы, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері, Атырау облысы, Жылыой мен Қызылқоға аудандарының Құрметті азаматы, Атырау облыстық қоғамдық кеңесінің төрағасы Максим Избасовқа 70 жасқа толуына орай «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы» АҚ (КМГ) Басқарма төрағасы Асхат Хасеновтың құттықтау хаты табысталды.

КМГ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары, ЕМГ Директорлар кеңесінің төрағасы Құрманғазы Есқазиев Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры, майталман мұнайшы М.Избасовты 70 жасқа толуымен құттықтап, қазақы дәстүрмен шапан жапты.



Марапаттау шарасын «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Ринат Измұханбет жалғастырып, мерей жас иесіне барша ембілік мұнайшылардың ыстық ықыласын жеткізді. Иығына шапанын жауып, естелік сыйлықты табыстады.

Мерей жас иесімен ұзақ жылдар үзеңгілес қызмет еткен ЕМГ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры Қырымбек Көшербаев Максим Шафихұлына өзінің құттықтау тілегін арнады.

Сонымен қатар, «Өзенмұнайгаз» АҚ Бас директоры Ж.Саймағанбетовтың, «Қаражанбасмұнай» АҚ Бас директоры М.Елеусіновтің, «ҚазГермұнай» БК» ЖШС Бас директоры З.Кияқбаевтың, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директоры М.Мұстафаевтың құттықтаулары да табысталды.

Бұдан соң «Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің жиыны күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға ұласты.

### ҮНДЕУ

## ҚҰРМЕТТІ ЕМБІЛІКТЕР!

**«Ембімұнайгаз» АҚ-да нәтижесін тапқан дәстүрлі шараның бірі – жұмысның қауіпсіздігі мен еңбегін қорғау, өндіріс барысында және жұмыстан кейінгі уақытта өндірістік пен экологиялық, жеке қауіпсіздікті қамтамасыз етуге әркез басымдық беру.**

Өндірістік көрсеткіштерді жоспарлы түрде орындау жолында ортақ мақсатқа жету үшін әрдайым бірлесе жұмыс істейміз. Адам өмірі мен оның денсаулығы, отбасымыздың амандығы бірінші кезекте тұрғанын есте ұстаған жөн. Сондықтан да, біздің Компанияның басты құндылығы- Жұмысшылардың қауіпсіздігі.

Ембі кеңіштерінде өндірістік тәртіп пен еңбекті қорғау саласындағы апатты жағдайлардың нөлдік көрсеткіштеріне қол жеткізуіміз – «Ембімұнайгаз» АҚ-ғы өндірістік-құрылымдық бөлімшелердің өзара тығыз байланыста болуының, қызметкерлердің кәсібилігінің, ұжымды тиімді басқару жүйесінің, өндірістегі қауіпсіздік мәдениетін үздіксіз арттырудың көрінісі. Осы маңызды шараларда қол жеткізген табыстарымызды сақтау – біздің мақсатымыз.

Компания басшысы ретінде әрбір қызметкердің сенімі мен саналылығы – барша ұжымның қауіпсіздік, еңбек пен тәртіп талаптарын сақтауының кепілі деп есептеймін. Ембі өндірісіндегі әрбір адамның өзінің өмірі мен денсаулығының маңыздылығын түсінуі – Компанияның табысты еңбегіне қосқан үлесі.

**Сіздерге осы үндеуі жолдай отырып, төмендегі шаралардың маңыздылығын қаперлеріңізге беремін:**

- «Өмірлік маңызды ережелерді» сақтау;
- қоршаған ортаға ұқыпты қарау және «Таза Қазақстан» экологиялық акциясын қолдау;
- жарақаттар мен оқыс оқиғаларды болдырмаудың нөлдік көрсеткішіне қол жеткізу;
- «Қорғау» бақылау карталарын үнемі толтыру;
- барлық оқиғалар туралы өзінің тікелей басшыларын уақытылы хабардар ету;
- операциялық қызметтерде LOTO (lockout-tagout) жүйесін пайдалану;
- көлік, өрт, өндірістік және электр қауіпсіздігін сақтау.

Сонымен қатар, штаттағы жұмыскерлерге және мердігерлік ұйымдардың қызметкерлеріне қатысты ЕК, ӨК және КОК-дың барлық аспектілерін бақылау мен мониторингке бірдей (тең дәрежелі) талаптар мен тәсілдерді қамтамасыз ету.

Әрқайсымыздың өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге белсенді үлес қосымыз нормалар мен ережелерді сақтауды күнделікті дағдыға айналдыруға сеп болады.

«Ембімұнайгаз» АҚ үшін өндірістік міндеттерді орындауда қызметкерлеріміз бен бизнес әріптестеріміздің өмірі мен денсаулығын сақтау – маңызды шара. Сіздерге амандық, еңбекте табыс тілеймін. Сіздердің жұмыстан аман-есен оралуларыңызды отбасыларыңыз күтетінін ұмытпандар!

**Бас директор  
(Басқарма төрағасы)**

**Ринат ИЗМУХАНБЕТ**

### ОБРАЩЕНИЕ

## УВАЖАЕМЫЕ ЭМБИНЦЫ!

**Одной из добрых многолетних традиций АО «Эмбамунайгаз» является приверженность коллектива приоритетам безопасности и охраны труда, личной, производственной, экологической безопасности при выполнении работ и во вне рабочее время всеми без исключения.**

Каждый день сообщая мы трудимся над достижением нашей общей цели – добычей нефти и газа, выполнением плановых производственных показателей. Однако стоит помнить, что в списке жизненных приоритетов на первом месте находятся человеческая жизнь и здоровье, благополучие и спокойствие наших семей. Поэтому главной ценностью нашей Компании была и остается безопасность Работников.

Достиженные нулевые показатели в сфере производственной дисциплины и безопасности труда – это результат качественного взаимодействия всех подразделений, личного лидерства и профессионализма работников АО «Эмбамунайгаз», эффективной системы менеджмента, постоянного совершенствования культуры производственной безопасности. Наша обязанность – сохранять полученные успехи в этом жизненно важном вопросе.

Как руководитель я считаю, что глубокая убежденность и осознанность каждого работника является залогом искренней приверженности всего коллектива требованиям безопасности, трудовой и исполнительской дисциплины. Понимание каждым, кто причастен к добыче нефти на Эмбе, значимости жизни и здоровья является неоценимым вкладом в успех компании.

**Обращаясь к вам, напоминаю о необходимости:**

- принципиального соблюдения «Жизненно важных правил»;
- бережного отношения к окружающей среде и поддержка экологической акции «Таза Казахстан»;
- достижения и сохранения нулевых показателей по травматизму и происшествиям;
- постоянного заполнения карт наблюдения «Қорғау»;
- своевременного оповещения непосредственных руководителей обо всех происшествиях;
- использования системы LOTO (lockout-tagout) в операционной деятельности;
- соблюдения транспортной, пожарной, промышленной и электробезопасности.

Кроме того, обеспечения одинаковых (равнозначных) требований и подходов к контролю и мониторингу всех аспектов ОТ, ПБ и ООС к штатным работникам и сотрудникам подрядных организаций.

Активное и заинтересованное участие каждого из нас в вопросах производственной безопасности позволит превратить набор норм и правил в хорошие ежедневные привычки и навыки.

Нет ничего важнее жизни и здоровья работников АО «Эмбамунайгаз» и наших бизнес-партнеров, с которыми изо дня в день, в одной команде, мы выполняем общие производственные задачи.

Будьте здоровы и успешны, и помните: вас ждут дома!

**Генеральный директор  
(Председатель Правления)**

**Ринат ИЗМУХАНБЕТ**



«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Ринат Ізмұханбет бастаған жұмыс тобы Ембі өндірісімен танысты. Жұмыс сапары «Жылыоймұнайгаз» бен «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармаларынан басталды. Жұмысшы топ аталмыш басқармалардың өндірістік және әлеуметтік көрсеткіштерімен танысып, ұжым мүшелерімен кездесті. Өндіріс алаңдарындағы әлеуметтік нысандарды аралап, еңбек адамдарына жасалған әлеуметтік жағдайлармен танысты. Алдағы уақытта кезегін күткен іс-шараларға тоқталып, жауапты мамандарға нақты тапсырмалар берілді.

Менің өндіріспен танысу сапарым тек өндірістік көрсеткіштерге ғана қатысты емес, алдымен сіздермен жүзбе-жүз кездесіп, танысу, - деп атап өтті Ринат Ізмұханбет «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының мұнайшыларымен кездесу барысында.

Бұдан кейін сөзін сабақтаған басшы дәл осы басқармаға қарасты кеніштерде үлкен жұмыстардың қолға алынғалы отырғанын атап өтті.

Осы басқармаға қарасты Прор-ва кен алаңы - «Ембімұнайгаз» АҚ-ның болашағынан мол үміт күттіретін перспективалы алаңдарының бірі. Алдағы уақытта ресурстық базамызды молайту, ілеспе газды кешенді дайындау бағытындағы жұмыстарымыз жалғасады.

Жұмысшы топ мүшелері басқармаға қарасты Қысымбай кен алаңындағы мұнай дайындау пунктінің жұмысымен танысып, мұнайшылар жатақханасын аралады. Айта кету керек, Қысымбай кен алаңындағы жатақхана басқарма бойынша үздік әлеуметтік нысан болып есептеледі. Мұнайшылардың ауыр еңбектен кейін сапалы демалуларына мұнда барлық жағдай қарастырылған. 50 орындық асхананың жұмысы да талапқа сай. Мұны басшылық та жоғары бағалап өтті.

Ілеспе газды кәдеге жарату қондырғысының жұмысымен танысу барысында күкірті дайындау көрсеткіші толық баяндалды.

Жылыой ауданының аумағында орналасқан Батыс Қарасор кен алаңы 2019 жылы ашылған. Ембінің мол үміт күтіп отырған жаңа перспективалық алаңы. 2020-2022 жылдар аралығында сынақтық пайдалануда болды. Екі бағалау ұңғымасын бұрғылау жоспарланған. Батыс Қарасор кеніші Теңіз кен алаңының

аумағында орналасқандықтан, «Теңізшевроил» ЖШС-мен бірнеше рет кездесулер ұйымдастырылып, нәтижесінде жер телімін пайдалану жөнінде



## РЕСУРСТЫҚ ҚОРДЫ МОЛАЙТУ - КЕЗЕК КҮТТІРМЕЙТІН ШАРА



**2023 жылдың қорытындысында: Өнім өндіру жоспары 100,6%, өнім тапсыру 101,1 пайызға орындалды. Қосымша өнімге қол жеткізуге геологиялық-техникалық шаралардың (ГТМ) нәтижесінде мүмкіндік болды. 2023 жылдың қорытындысында ГТМ арқылы қосымша өнім 141% орындалып, жоспардағы 194,8 мың тоннаның орнына 274,6 мың тонна өнім алынды. Қосымша өнімге қол жеткізудің тағы бір жолы - ұңғымаларды жер асты жөндеу шарасы. Өткен жылы 2 569 жерасты жөндеу жүргізіліп, ұңғымаларды жөндеуаралық кезеңі 388 тәулікке жетті (жоспар бойынша 356 тәулік).**

**2024 жылдың бірінші жартыжылдығында өнім өндіру жоспарының орындалуы 100,7% құрады. Жоспардағы 1 361,2 мың тонна мұнай өндіру 1 371,4 мың тоннаға орындалды. Өнім тапсыру жоспары 1 353,3 мың тоннаға (асыра) орындалды.**

ортақ келісімге келді. Қос тараптан келісімшартқа қол қойылды. Нәтижесінде «Ембімұнайгаз» АҚ №20 және №21 бағалау ұңғымаларын бұрғылау жөнінде келісімге ие болды. 2025 жылдың соңына дейін Батыс Қарасор кенішінде жайғастыру жұмыстары толық аяқталады деп жоспарлануда. Ал, 2026 жылы аталған кен алаңында игеру жұмыстары басталады деп болжануда.

«Бүгінде осы бағытқа бар назар аударып жатырмыз», - деп атап өтті өз сөзінде Компания басшысы.

тада еңбек етуі - өзекті мәселе, Компанияның басымдық беретін бағытының бірі. Өндірістік қауіпсіздікті сақтау, жазатайым оқиғаларды болдырмау бағытындағы қолға алынып жатқан жұмыстар да сапар барысында жан-жақты баяндалды.

«Жайықмұнайгаз» МГӨБ-ғы жұмысшы тобының сапары мұнайшылармен кездесумен қорытындыланды.

Өздеріңіз жақсы білесіздер, Ембінің бүгінде игеріліп жатқан кен алаңдарының біразы - байырғы кеніштер. Жасыратыны жоқ өнім берудің



«Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасындағы сапарда жұмысшы тобының мүшелері аталған басқармаға қарасты электр энергиясын өз қажеттіліктеріне пайдалануға бағытталған газ поршенді/газ турбиналы электр стансаларының жұмыстарымен танысты.

Еділ-мен Жайық - қос өзен аралығындағы басқармадағы ілеспе газды кәдеге жарату, С.Балғымбаев кен орнындағы ілеспе газды дайындау қондырғысының жұмыстары да назардан тыс қалмады.

Мұнайшылардың қауіпсіз ор-

сонғы сатысында тұрған кен алаңдар бізде көптеп саналады. Оларда сулану деңгейінің артып отырғаны да баршаға мәлім. Біз осындай қиындықтарға қарамастан, алдымызда тұрған өндіріс жоспарын орындауға қол жеткізіп келеміз. Байырғы кеніштерде өнім қорының азая бастағаны рас. Алдымыздағы үлкен мақсат - Ембінің қорын толықтыру. Осы жолда ауқымды жұмыстарды қолға аламыз. Маңызды жұмысты сіздермен бірлесе отырып нәтижелі етеміз деген үлкен сенім бар - деп түйіндеді Р.Ізмұханбет өндіріске сапарын.







## «Мерейлі мұнайшы»:

«Ембімұнайгаз» АҚ-да «Мұнайшы қыз» клубының қолға алуымен ағымдағы жылдың 27 маусым - 29 шілде күндері аралығында Компанияға қарасты өндірістік-құрылымдық басқармалар ұжымдары арасында Қазақ мұнайының 125 жылдығына орай «Мерейлі мұнайшы» байқауы ұйымдастырылды. Жуырда бас кеңседе корпоративтік шығармашылық байқаудың жеңімпаздарын марапаттау шарасы өтті.



Осымен төртінші рет дәстүрлі түрде өткізіліп келген байқау биыл қазақ мұнайының тарихына шолу жасау арқылы ішкі коммуникация мен корпоративтік тұтастықты нығайту, ардагер мұнайшылардың еңбегіне құрмет көрсету, ұжымшілік байланысты нығайту, корпоративтік мәдениетті дамытуға ықпал ету орнату мақсатын көздеді.

- «Мерейлі мұнайшы» байқауы биыл төртінші рет өтіп отыр. Жыл сайын байқауға түскен шығармашылық жұмыстардың сапасы көтеріліп келеді. Бұл - аразында өнерлі мұнайшылардың көп екендігін айғақтаумен қатар, олардың байқау шартына үлкен жауапкершілікпен қарап, жан-жақты дамуға зейін қойғандығының көрінісі. Келесі жылы «Мерейлі мұнайшыға» - 5 жыл. Мерейлі датаға ембіліктер үлкен дайындықпен

келеді деген ойдамыз, - деді өз сөзінде «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары, «Мұнайшы қыз» клубының төрайымы Рысты ТАСМАҒАМБЕТОВА.

Дәстүрлі байқауға мұнай-газ өндіру басқармаларының бригада, учаске, цех ұжымдары қатысып, 2 номинация бойынша жұмыстарын ұсынды.

«Тарихтан сыр шерту» номинациясы бойынша мұнайшыларға 125 жыл ішінде қазақ мұнайының тарихындағы айтулы оқиғаларды сахналау, ал, «Өнерлі орта» номинациясында Құрманғазы күйлерінен топтық орындау талабы қойылды.

Байқауға барлығы 11 жұмыс түсті. Соның ішінде, «Тарихтан сыр шерту» номинациясына 6 бейнеролик, ал, «Өнерлі орта» номинациясы бойынша 5 жұмыс ұсынылды.

Компанияның басшылық құрамы







# ҮЗДІК ЖҰМЫСТАР АНЫҚТАЛДЫ

мен тәуелсіз сарапшылар, кәсіби мамандардан құралған қазылар алқасы түскен бейнероликтерді саралап, талдап, үздік жұмыстарды анықтады. Түскен

бейнероликтердің мазмұны мен салмағына қарай, пікір де алуан түрлі болды. Ұсыныстар да аз болған жоқ. Дегенмен, жеңімпаздар есімі белгілі болды.

## «ӨНЕРЛІ ОРТА» НОМИНАЦИЯСЫ БОЙЫНША:

- I орын – «Доссормұнайгаз» МГӨБ
- II орын – Орталық басқару аппараты
- III орын – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ

## «ТАРИХТАН СЫР ШЕРТУ» НОМИНАЦИЯСЫ БОЙЫНША:

- I орын – «Қайнармұнайгаз» МГӨБ
- II орын – «Ембімұнайэнерго» басқармасы
- III орын – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ

Үздік жұмыстар компанияның веб сайты мен әлеуметтік желідегі ресми парақшаларында жарияланады.





## ЖОЛ КАРТАСЫ

«Ембімұнайгаз» АҚ өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау мамандары тәжірибе алмасу мақсатында «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-на қарасты еншілес мекемелеріне, атап айтсақ, «Маңғыстаумұнайгаз», «Қаражанбасмұнай» және «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамдарына барды.

Шара «ҚазМұнайГаз» ұлттық компания акционерлік қоғамының 2024-2027 жылдарға арналған «Өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жағдайын жақсарту жөніндегі» жол картасын жүзеге асыру аясында ұйымдастырылды. «Ембімұнайгаз» АҚ мамандарын

## ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ – КӘСІБИ ҚАЖЕТТІЛІК



компаниялар жұмыстарымен таныстыру мақсатында қолданыстағы өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы цифрландыру жөнінде презен-

тациялар көрсетілді. Мамандар бір-бірімен ақпарат алмасып, қауіпсіздік және еңбекті қорғау, көлік қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау және парниктік газ, өрт қауіпсіздігі, азаматтық қорғаныс

және төтенше жағдайлар бойынша өзекті мәселелерді талқыға салды.

Бұдан әрі мамандар кәсіпорындарындағы өндірістік нысандардың жұмыстарымен

танысты. Тәжірибе алмасу барысында жұмыс орындарының қауіпсіздігі мен өндірістік жарақаттанудың алдын алуға арналған тағы да басқа көптеген мәселелер талқыланды.

«Ембімұнайгаз» АҚ мамандарын бастап апарған Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры Әнуарбек Каримов өз сөзінде өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жағдайын жақсарту мәселелеріне қатысты Ұлттық компанияның еншілес мекемелері тәжірибесінен алатын құнды нәрселердің мол екенін атап өтті. Сонымен қатар, өндірістік және көлік қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жағдайын жақсарту, жетілдіру мақсатында тәжірибе алмасу шараларын «Ембімұнайгаз» АҚ-да жалғастыруға ұсыныс білдірді.



## ДОРОЖНАЯ КАРТА

Одной из незыблемых основ деятельности АО «Эмбаунайгаз» являются вопросы безопасности и охраны труда. Компания не делает различий в подходах и требованиях по безопасности между работниками нефтедобывающих управлений и офисными сотрудниками, штатным персоналом и коллективами привлекаемых подрядных организаций. В целях улучшения условий труда, защиты работников от угроз и предупреждения рисков в АО «Эмбаунайгаз» разработана Дорожная карта по вопросам безопасности, которая включает такую меру как обмен опытом в сфере безопасности с другими предприятиями отрасли. Как недавний участник одной из таких поездок, хочу отметить положительные стороны такого решения.

Нефтяная промышленность – это отрасль, занимающаяся добычей, транспортировкой и переработкой нефти. Всего в структуре АО НК «КМГ» более 100 компаний, в одной из них, АО «Эмбаунайгаз», я работаю с 2006 года.

Как инженер по охране труда и технике безопасности, знаю, что система ОТ и ТБ в Эмбаунайгазе – это целый комплекс мер, направленных на охрану здоровья и безопасности сотрудников в процессе выполнения ими трудовых обязанностей.

Профессия нефтяника связана с опасными работами, регулярными

командировками, взаимодействием со сложным оборудованием, трудом в нелегких погодных условиях. С учетом этих и других сложностей и опасностей, которые таит наша профессия, Дорожная карта по вопросам безопасности включает как внутренние улучшения, например, совершенствование документирования в сфере безопасности, разработку и актуализацию инструкций, нормативных и других актов по безопасности, поощрение лидерства сотрудников, так и внешние мероприятия – такие, как обмен опытом с другими компаниями, выезд в командировки для демонстрации своих наилучших наработок коллегам из других предприятий и приобретения новых знаний.

Одним из этих таких событий в текущем году стал выезд работников НГДУ «Жылыоймұнайгаз» на производственные объекты АО «Өзенмұнайгаз», АО «Қаражанбасмұнай», АО «Маңғыстаумұнайгаз» и в филиал Dunqa Operating GmbH в Мангистауской области.

Как ранее уже было сказано, безопасность – это целый комплекс методов, и при наличии многих общих черт система безопасности имеет свои отличия на каждом предприятии. Так, если у нас в АО «Эмбаунайгаз» действует 9 жизненно важных правил, то в филиале Dunqa Operating GmbH их целых 12. И было очень познавательно и полезно узнать, какие правила безопасности дополнительно приняты коллегами для улучшения базовых принципов охраны труда и безопасности на рабочих местах.

Также можно заметить некоторую разницу в оформлении нарядов-допусков на разных предприятиях. Для ясности вкратце разьясню: наряд-допуск – это письменное распоряжение организации на производство

## ОПЫТ РАЗНЫЙ – ЭФФЕКТ ОБЩИЙ



работ, в котором указываются все необходимые меры безопасности и ответственности за безопасное выполнение текущих задач. При этом в филиале Dunqa Operating GmbH наряд-допуск включает усиленные меры. Также, если в нашей компании наряды-допуски отличаются цветами, то у коллег для подрядных организаций и внутренних цехов наряд-допуск единый.

В процессе обмена опытом можно было наблюдать также различия в выполнении производственных операций. Так, в АО «Өзенмұнайгаз» очистка труб может быть выполнена как в ручном, так и в полуавтоматическом варианте.

От себя добавлю, что в качестве инновационного метода сегодня возможно использование автоматической поточной системы очистки труб, которую отличает высокая производительность и минимальное участие оператора.

Система применима как для буровых труб различного диаметра, так и для насосно-компрессорных труб. Если производительность базовой системы позволяет очищать до 40 труб в смену, то автоматизированный комплекс очищает до 150 труб за 8-часовую рабочую смену. При этом трубы с пластиковой футеровкой не повреждаются, так как давление очистки изменяется до необходимых величин, поверхность трубы после

очистки полностью готова к проведению неразрушающего контроля и не требует дополнительных операций.

Все операции по очистке выполняются на одном участке, что существенно экономит место и время на перемещение труб между участками и позволяет проводить мойку и инспекцию труб прямо на месторождении.

Ряд компаний применяет для очистки буровых труб гидродинамический способ, преимуществами которого являются:

- Возможность очистки труб различного диаметра;
- Возможность удалять любые загрязнения, например, окалину, коррозию, технологические отложения и даже цемент;
- Смывание мусора в процессе струйной очистки обратно в трубу;
- Возможность прочистить полностью заблокированные трубы;
- Возможность очистить до белого металла стальную трубу при условии использования давления 2000-3000 бар;
- Водяные струи не вредят и не делают поверхность трубы шероховатой;
- Насос универсален и может использоваться для других целей, кроме очистки, например, резки или испытаний под давлением.

Интересное решение было продемонстрировано нам на место-

рождении АО «Қаражанбасмұнай». При проведении подземных работ на скважинах на вагоны устанавливаются наружная видекамера и анемометр. На сам вагон снаружи нанесены инструкции с требованиями безопасности и правилами поведения при производстве работ.

Большое внимание коллеги уделяют также охране окружающей среды. Так, на некоторых месторождениях установлен вертикальный гидравлический прессовочный аппарат для металлических бочек, который по мере накопления отходов сдвигает и уменьшает отходы в объеме в несколько раз и превращает их в компактные кипы, благодаря чему более эффективно используется территория склада и создается удобства для транспортировки.

Основываясь на полученных личных впечатлениях и многочисленных положительных отзывах коллег, хочу отметить, что Дорожная карта АО «Эмбаунайгаз» создала такие инструменты по обмену опытом в сфере безопасности, которые улучшают внутриотраслевое взаимодействие, позволяют расширять границы полезных начинаний, дают специалистам возможность совершенствовать свои знания, тренировать навыки, быстро адаптироваться к новым условиям, эффективно решать производственные задачи.

Ежегодные поездки по обмену опытом, когда коллеги-единомышленники собираются вместе, делятся новыми идеями и решениями, дают положительный результат в масштабах всей отрасли, повышают профессиональный уровень многих специалистов. Уверен, что инициатива должна быть продолжена!

Азамат ЕРМУХАНОВ,  
инженер по ОТ и ТБ 2 категории  
НГДУ «Жылыоймұнайгаз»



## КОРПОРАТИВТІК РУХ

Командалық рухты нығайту әрқашан қызметкерлердің еңбек өнімділігін және еңбек жағдайларына қанағаттануын жақсартады. Осы мақсатта «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының ұйымдастыруымен Қазақ мұнайының 125 жылдығына орай «Қазақша QUIZ» интеллектуалды сайысы өтті.

# ДОССОРДА ҚАЗАҚША QUIZ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ САЙЫСЫ ӨТТІ



Сайысқа басқармаға қарасты бөлімдер мен цехтардан барлығы 10 команда қатысып, бақ сынады. Атап айтсақ, №1 Ботақан мұнай-газ өндіру цехынан – «Сәттілік», №2 Қарсақ мұнай-газ өндіру цехынан – «Мергендер», №3 Шығыс Мақат мұнай-газ өндіру цехынан – «Мұнайлы әлем», №4 Доссор мұнай-газ өндіру цехынан – «Алтыкөл», Мақат мұнай дайындау және айдау цехынан – «Арғымақ», Қарсақ мұнай дайындау және айдау цехынан – «Жігер», зерттеу жұмыстары цехынан – «Шаңырақ», арнаулы техникалар және автокөлік колоннасынан – «Қайсар», басқару аппаратынан – «Қыран» және «Мұнайшы қыздар лигасы» командалары.

Интеллектуалды бәйге «Оңай», «Тақырыптық сұрақтар», «Күрделі сұрақтар», «Үш ұпайлы сұрақтар», «Медиа сұрақтар», «Тәуекел» сын-

ды алты турдан өтті.

Сайыс барысында негізінен Қазақстанның жалпы тарихы, әдебиеті, мәдениеті, әлемдік деңгейдегі оқиғалар және қазақ мұнайының тарихына қатысты сұрақтар қойылды. Сонымен қатар, арнайы медиа турда қазақтың әндері, күйлері, жазушы, қоғам қайраткерлерінің дауыстары және Қазақстанның қалалары туралы аудио-видео сұрақтар да қамтылды.

Сайыста жалпы 50-ден аса сұрақ қойылды. Қатысушы командалар жоғары деңгейде жауап беріп, шара көңілді өтті.

Сайыс қорытындысымен Мақат мұнай дайындау және айдау цехының «Арғымақ» командасы I орынды, басқару аппаратының ерлерінен құралған «Қыран» командасы II орынды, басқару аппаратының әйелдері «Мұнайшы қыздар лигасы» командасы III орынды иеленді.

Шара соңында жұлделі орын алған командалар ақшалай сыйлықтармен марапатталып, қалған командалар мүшелеріне бағалы сыйлықтар табыс етілді.



## ОЙ БӘЙГЕСІ

Қазақ мұнайының 125 жылдығы аясында «Ембімұнайэнерго» басқармасы қызметкерлері арасында «Дамушы орта» интеллектуалды ойыны өтті.

Түске дейін «Көпшілік алдында сөйлеу», «Тимбилдинг» тақырыптарында ойын форматында кездесу ұйымдастырылды. Түстен кейін қатысушылар 7 командаға бөлініп, «Qazaqsha Quiz» интеллектуалды ойынына қатысты. Куизде Қазақстан мұнайының 125 жылдығы, компанияның тарихы, инженер мұнайшылар туралы сұрақтар қамтылды.

Интеллектуалды ойынға «Жайық», «Қайнар», «Мақат», «Доссор», «Прорва», «Жылыой» аудандық электр тораптарының қызметкерлері, өндірістік база және басқару аппаратынан барлығы 45 маман қатысты.

Қызметкерлердің біліктіліктері мен ой-өрісін дамыту, ойлау қабілетін шыңдауға бағытталған жарыста «Жарқын» командасы топ жарды. II орын «Лидеры» командасына бұйырып, III орынға «Жерұйық» командасы ие болды.

Ойын соңында барлық қатысушыға естелік сыйлықтар таратылды.





## САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ

## ТАРТЫСҚА ТОЛЫ ЖАРЫС



Павлодар қаласында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (ҚМГ) еншілес ұйымдарының еңбек ұжымдары арасындағы спартакиада мәресіне жетті. Дәстүрлі іс-шара биыл Қазақ мұнайының 125 жылдығына және Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығына арналды. Тамыздың 10-14 күндері аралығында өткен жарыстарға 27 команданың 600-ден астам спортшысы қатысты.

Қатысушылар спорттың 11 түрі бойынша бақ сынасты: арқан тарту, қол күресі, асық ату, баскетбол, волейбол, киберспорт, шағын футбол, үстел теннисі, жүзу, тоғызқұмалақ және шахмат.

Салауатты өмір салтын насихаттау, спортқа баулу және қызметкерлердің арасында өзара байланыс орнату мақсатында ҚМГ жыл сайын өңірлерде еншілес ұйымдары қатысатын спартакиада өткізеді. ҚМГ спартакиада-сына осы өңірлік додаларда топ жарған қызметкерлер барды.

Аталмыш байрақты бәсекеде «ЕмбімұнайГаз» АҚ-ның ұлттық ойын «Асық ату мен бес асық» командасы Серік Әбілғазиев, Гауһар Мекебаева, Ернұр Жұмағалиев І орынды иеленді. Олар алдағы уақытта «Самұрық-Қазына» ҰҰҚ еншілес компаниялары арасында өтетін жарыста ҚМГ намысын қорғайтын болады.

Ал, қол күшінен ембілік Гүлзада Габадулина қола жүлдегер атанды. Әріптестерімізді жеңістерімен құттықтаймыз!



«ЕмбімұнайГаз» АҚ-ның  
әлеуметтік желілердегі  
парақшаларына тіркеліңіздер!

- Телеграм - «ЕмбімұнайГаз» АҚ
- Facebook - Ембілік Мұнайшы
- Instagram - @embamunaigas.kz
- You tube – «ЕмбімұнайГаз» АҚ
- TikTok – @embamunaigas



«Ембі тынысы» газетін  
осы QR код арқылы да  
оқи аласыздар.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

## ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!

Қазақ мұнайының 125 жылдығына орай бірқатар мерекелік шараларды ұйымдастыру бастау алды. Мерейтой аясындағы іс-шаралардан репортаждарды корпоративті газетіміздің арнаулы санынан оқи аласыздар.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

Меншік иесі: «ЕмбімұнайГаз» АҚ

Шығарушы:  
Қоғаммен байланыс тобы

Бас редактор: А.Ертлеуова

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2024 жылғы 18 қаңтарда № KZ69VPY00085699 куәлігі берілді.

Газет айына 1 рет шығады.  
Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.  
G.Karajanova@emg.kmgerp.kz

И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-66, 21-166  
I.Satylganova@emg.kmgerp.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309  
A.Ertleuova@emg.kmgerp.kz

Баспахана: «Реформа» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қаласы

## РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Р.Тасмағамбетова – Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Қ.Әбенев – Бас директордың кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары;

А.Кенжехорұлы – Аппарат жетекшісі;

Ә.Каримов – Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бас техникалық басшының м.а.;

К.Түлеушов – Мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Ғ.Қаражанова – Қоғаммен байланыс тобының жетекшісі;

Ж.Дәуітов – «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.